

Ақрап ауылдық округінің елді мекендердің көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Ақрап ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 20 шілдедегі № 6 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 17 тамызда № 3-7-125 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Ақрап ауылдық округі әкімінің 26.12.2014 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелерінде орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Ақрап ауылдық округі әкімінің 06.03.2017 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Ақрап ауылдық округі тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 3 маусымдағы № 1 хаттамасы негізінде, Қобда ауданы Ақрап ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Қобда ауданы Ақрап ауылдық округі әкімінің 06.03.2017 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Ақрап ауылының көшелері мен тұйық көшесіне схемалық картаға сәйкес төмендегі атаулар берілсін:

- 1) Айсары көшесі;
- 2) Шоқан Уәлиханов көшесі;
- 3) Қаныш Сәтпаев көшесі;
- 4) Әліби Жангелдин көшесі;
- 5) Абдулла Жанзақов көшесі;
- 6) Сергей Королев көшесі;

2. Қарабұлақ ауылының жалғыз көшесіне төмендегі атау берілсін:

- 1) Абай Құнанбаев көшесі

3. Ақрап ауылының келесі көшелері мен тұйық көшесінің атауы өзгертілсін:

- 1) Юбилейная көшесі – Ынтымақ көшесі;
- 2) Автомобилистов көшесі – Жамбыл Жабаев көшесі;

- 3) Садовая көшесі – Болашақ көшесі;
 - 4) Октябрьдің 60 жылдығы көшесі – Абай Құнанбаев көшесі;
 - 5) Сельская көшесі – Махамбет Өтемісұлы көшесі;
 - 6) Строительная көшесі – Шәмші Қалдаяқов көшесі;
 - 7) Целинная көшесі – Тәуелсіздік көшесі;
 - 8) Шоссейная көшесі – Дінмұхаммед Қонаев көшесі;
 - 9) Тульская көшесі – Айса Қартов көшесі;
 - 10) Целинный түйық көшесі – Жастар түйық көшесі;
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Акрап ауылдық округ әкімі

Ж. Нурписов